

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТИ

Компьютерлік техникалар  
кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»

Кафедра меңгерушісі

ф.-и.ғ.р., доцент Құранбаев З. Қ.  
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)  
Қу «24» «05» 2016 ж.  
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы:

«Бірлескі кәсіп әрістері қозғалысты  
компьютерлік моделдеу»

53070400 - «Солтүстік техникалық және білім беру мамандығы бойынша  
қамтамасыз ету»

Орындаған Филансқара Әрайым 87к-12-1  
(аты-жөні) (тобы)

Жетекші ф.-и.ғ.р., доцент Құранбаев З. Қ.  
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кенесшілер:

Экономикалық болім бойынша:

З. Қ. профессор Түзелбаев Б. Ш.  
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)  
Тү «24» «05» 2016 ж.  
(қолы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

ф.-и.ғ.р., доцент Хакимжанов Т. Е.  
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)  
Тү «24» «05» 2016 ж.  
(қолы)

Есептеу техникасын қолдану бойынша:

ф.-и.ғ.р., профессор Құранбаев З. Қ.  
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)  
Қу «24» «05» 2016 ж.  
(қолы)

Мөлшер бақылаушы:

ф.-и.ғ.р., профессор Құранбаев З. Қ.  
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)  
Қу «24» «05» 2016 ж.  
(қолы)

Нісіп жазушы:

п.ғ.р., профессор Сатбағиршев О. С.  
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)  
С. С. «24» «05» 2016 ж.  
(қолы)

Алматы 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

«Ақпараттық және аэрокосмостық технологиялар» факультеті  
«Солтеу техникасы және бағдарламалық жүйелерді жасау» мамандығы  
«Компьютерлік технологиялар» кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Беккеріқоза Арайған  
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы «Бірлескі күш әрісіндегі қозғалыста  
компьютерлік модельдеу»  
ректордың «10» наурыз 2016 ж. №21 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «24» мамыр 2016 ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Бастапқы деректер – бірлескі күш әрісіндегі  
решенің қозғалысшы математикалық моделі;  
Бірлескі күш әрісіндегі решенің қозғалысшы  
компьютерлік моделі.

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

- Бірлескі күш әрісінде решенің қозғалысы туралы есептің қойылуы;
- Тақырыпқа қатысты мабидаттың анықталуы туралы;
- Математикалық модель мен математикалық есептің қойылуы;
- Бірлескі күш әрісіндегі решенің қозғалысшы компьютерлік моделі.

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

- Саяси шешуірлі саясат әрекеттері туралы лекциялар;
- Саяси шешуірлі шешімдері;
- Саясатты шешуірлі программалық жобалар;
- Саясатты әкелеріміз және олардың әрекеттері.

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

1. Вурицкая А. И. Политическая философия: Лекции для молодежи исследователей. От идеи к технологии / Вурицкая А. И. - М.: Колос, 2008.
2. Тихонов А. Н., Костомаров Д. Ф. Вторая лекция по политической философии. - М.: Наука. Главная редакция физико-математической литературы, 1984.

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	КОЛЫ
Экономика	Түзелбаев Б.		
Тіршілік қажетсіз	Жақияшев Т.	25.01 - 24.05.16	
Саяси технологиялар	Жүзбаев З. С.		
қорғаны			

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	Дипломдық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері	24.02.2016	
2.	Жеделгі әдістер мен тәсілдер	25.02.2016	
3.	Дипломдық жұмыста алды қолданатын мақсат-тарға қолы	29.02.2016	
4.	Бағдарламалық жоспар және ортасын таныту	02.03.2016	
5.	Әкпәрияның есептеулері басталу	10.03.2016	
6.	Математиканың есептері қарастыру	14.03.2016	
7.	2елркі 7 бағдарламасын және жоспарды құру	28.03.2016	
8.	Әкпәрияның есептері, әдістері, әдістерінің есептері	04.04.2016	
9.	Бағдарламаның есептері қарастыру	25.04.2016	
10.	Әкпәрия және жұмыстың	21.04.2016	

Тапсырманың берілген уақыты « 24 » ақпан 2016 ж.

Кафедра меңгерушісі Қу... ф.-м.д.р., прор. Құралибаев З.Г.  
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі Қу... ф.-м.д.р., прор. Құралибаев З.Г.  
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент Әбб... Әббасқұлова Әбілмәлі  
(қолы) (аты-жөні)

## **АННОТАЦИЯ**

Дипломная работа посвящена модельному исследованию одной из актуальных задач о движениях тела в однородном силовом поле. В качестве метода исследования использовались методы компьютерного моделирования. С помощью компьютерной модели проведен численный эксперимент. В результате теоретического исследования и численного эксперимента компьютерной модели получены результаты, которые представлены в виде таблиц и графиков. Результаты исследования имеют теоретический и практический интерес для изучения движений тела в силовом поле.

## **ANNOTATION**

Thesis is devoted to the study of the model of one of the most urgent tasks of the movements of the body in a uniform force field. As a method of study used computer modeling techniques. With the help of a computer model of a numerical experiment was carried out. As a result of theoretical studies and numerical computer model experiment produced results that are presented in tables and graphs. The findings have theoretical and practical interest for the study of body movement in a force field.

## **АНДАТПА**

Дипломдық жұмыс дененің біркелкі күш өрісіндегі қозғалысын модельдік зерттеуге арналған. Зерттеу әдісі ретінде компьютерлік модельдеу әдістері қолданылған. Есептің компьютерлік моделінің көмегімен сандық эксперимент жүргізілді. Компьютерлік модельді теориялық зерттеулермен қатар, сандық эксперимент орындаудың нәтижесінде алынған материалдар кестелер мен графиктер түрінде берілген. Жұмыстың нәтижелері дененің қозғалысын зерттеуде теориялық және практикалық маңызы зор.

## **МАЗМҰНЫ**

**ҚОЛДАНЫЛҒАН БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ..... 11**

КІРІСПЕ .....	12
1 БІРКЕЛКІ КҮШ ӨРІСІНДЕГІ ДЕНЕНІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ.....	16
1.1 Біркелкі күш өрісінде дененің қозғалысы туралы есептің қойылуы	17
1.2 Тақырыпқа қатысты табиғаттың фундаменталь заңдары.....	18
1.3 Математикалық модель мен математикалық есептің қойылуы .....	21
2 БІРКЕЛКІ КҮШ ӨРІСІНДЕГІ ДЕНЕНІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛІ.....	24
2.1 Есепті шешудің сандық әдістері туралы мәліметтер .....	25
2.2 Есепті шешудің алгоритмдері.....	27
2.3 Есептерді шешудің программалық жабдығы.....	28
3 КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬ АЯСЫНДАҒЫ САНДЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ .....	38
3.1 Сандық эксперимент жоспары және алғашқы деректер.....	38
3.2 Эксперимент нәтижелері.....	39
3.3 Есептің шешімдерін талдау және практикалық маңызы .....	41
4 ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМ .....	43
4.1 Жобалау және әзірлеу бойынша жұмыстың құнын есептеу .....	43
4.2 Есептеу бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге арналған шығындар.....	47
4.3 Қорытынды .....	50
5 ТІРШЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ .....	51
5.1 Денсаулыққа әсер ететін қолайсыз факторларды талдау .....	51
5.2 Бөлмедегі микроклимат.....	51
5.3 Жұмыс орнын жарықтандыру .....	53
5.4 Электромагниттік сәуле әсері және электр өрісі .....	54
5.5 Шу және діріл.....	54
5.6 Бағдарламаушы денсаулығына әсер ететін басқа да факторлар.....	55
5.7 Жұмыс орнының ерекшеліктері .....	55
5.8 Пайдаланылған жабдықтар.....	56
5.9 Реттеу бөлімі.....	56

5.9.1 Шу әсерінен акустикалық есептеу және дәлелдеу .....	56
5.9.2 Операциялық бөлмеде ауаның иондалуы деңгейін есептеу .....	60
ҚОРЫТЫНДЫ .....	61
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ .....	62
ҚОСЫМША.....	63

## **ҚОЛДАНЫЛҒАН БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

Дипломдық жұмыста келесі белгілеулер мен қысқартулар қолданылды:

$m$  – дененің массасы;

$x$  – абцисса осі;

$y$  – ордината осі;

$t$  – уақыт;

$F$  – сырттан әсер етуші күш;

$\vec{F}$  – әер етуші күштің векторы;

$q$  – элементар бөліктің зарядының мөлшері;

$\vec{E}$  – электр өрісінің кернеуі;

$\vec{g}$  – ауырлық күшінің векторы немесе тарту күшінің үдеуі.

## **КІРІСПЕ**

Табиғат пен қоғамды зерттеуші ғалымдар ондағы заңдар мен даму процестерін анықтауда әртүрлі зерттеу әдістерін қолданған. Зерттеу



әдістерінің түрлері көптеп саналады, оның ішінде адам зердесі, ойлау және талдау мүмкіншіліктерімен қатар, әртүрлі құралдарды (инструменттер мен приборларды) пайдалану, зертханалық және натурлық зерттеулер және тағы басқа тәсілдер қолданылады [1,2]. Ғылыми зерттеулердің қоғамның дамуы мен экономиканың өрлеуіне тигізетін әсері үлкен болғандықтан, әсіресе кейінгі заманда, оларға көңіл көбірек бөлінеді. Ғылымы, техникасы мен технологиясы дамыған ел алдыңғы қатардағы ел болып саналады.

Ғылыми-техникалық зерттеулердің соңғы жылдардағы даму сатысында оның күрделенуі бұрынғы дәстүрлі зерттеу әдістерімен қатар жаңа әдістерді қолданудың қажеттілігі туды. Адамзат алдына қойылатын проблемаларды шешу жаңа ғылыми зерттеулерді, оның ішінде басымды (приоритетті) мәселелерді шешу, аса күрделі есептерді шешуді қажет етеді. Егер ерте кездерде ғалымдар өздерінің зердесін (ойлау мүмкіншіліктерін) пайдаланған болса және өзінің гипотезалары мен идеяларын тексеру үшін зертханалық зерттеулер жүргізетін. Кейде натурлық эксперименттер (зерттелінетін объектілердің өзінде) жасау мүмкіншіліктері болса, кейінгі кезде адамзат алдына қойылатын күрделі проблемаларды зерттеу үшін ол әдістер жеткіліксіз болса, ал кейде ол проблемаларды зерттеу үшін зертханалық немесе натурлық зерттеулер мүмкін болмады. Мысалы, ядролық процестер мен климатты зерттеулер, экономикалық және қоғамдық заңдылықтарды және тағы басқа проблемаларды зерттеу ісінде зертханалық немесе натурлық эксперименттер мүмкін болмайды. Кейбір мәселелерді зерттеулер адам өміріне қатерлі де болады немесе ақпарат алу мүмкіншілігі болмайды.

Осындай жағдайларда математикалық модельдерді қолдану ғалымдар үшін негізгі, кейде жалғыз, зерттеу құралы болады [1]. Кейбір зерттеулерде математикалық модельдеу әдістері зертханалық және натурлық зерттеулермен қатар қолданылады. Математикалық модельдеу әдістерінің негізгі артықшылығы кез келген проблеманы математикалық есепке келтіру, математикалық формулалар арқылы сипатталынған заңдарды алу және сандық эксперименттер жасау мүмкіншіліктері. Болашақта, ғылым мен техниканың дамуымен математикалық модельдеудің рөлі аса маңызды болып келеді [1,2]. Көптеген күрделі құбылыстар мен үдерістердің зерттеуіне байланысты қол жетімсіздігі байқалады, тіпті қазіргі заманғы құралдар көмегімен объект параметрлерінің мәнін анықтау мүмкін емес. Кейбір жағдайларда, математикалық модельдеу әдістері күрделі құбылыстарды зерттеу үшін ғана жасалғандай.

Есептеу техникасы сияқты қуатты құралдың пайда болуы математикалық модельдеу әдістерін кеңінен пайдалануға мүмкіндік берді. Математикалық модельдерден алынған математикалық проблемаларды, үлкен мөлшердегі деректерді өңдеу және сақтау сияқты мәселелердің көпшілігі, тиімді компьютерлік техниканың көмегімен шешілді. Жаңа үлгілеу әдістері деп аталатын *компьютерлік модельдеу* әдістері пайда болды [1-3].

*Компьютерлік модельдеу.* Компьютер тек математикалық есептерді шешу құралы ғана емес, көптеген нысандарды модельдеу үшін пайдаланылатын болды. Компьютерлік модельдеу, қазіргі уақытта әртүрлі жүйелерді зерттеу үшін ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. *Есептеу эксперименттері* (немесе сандық модельдеу) - компьютерлік модельдеудің көмегімен эксперименттердің жаңа әдістері жүргізілді. *Сандық эксперимент* деп аталатын – эксперименттің жаңа түрі пайда болды, ол ақпараттың үлкен көлемімен, әрі үлкен жылдамдықпен сандық талдау орындауға мүмкіндік береді.

Компьютерлік модельдеудің басты *ерекшелігі* - оның қарапайымдылығы, оларды құру мен модификациялаудың жеңілдігі болып табылады. Математикалық және бағдарламалық қамтамасыз ету ғана өзгеріске ұшырайды. Сонымен қатар, компьютерлік модель, ең үздік (тиімді) нысан үлгісінің талдау және іріктеу үшін өте маңызды, түрлі нұсқаларды қарастыру мүмкіндігінің болатынымен ерекшеленеді. Жүйелілік және ресімделетін компьютерлік модельдерді өзгерту ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты талдау, зерттелетін объектілердің қасиеттерін анықтайтын негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Компьютерлік модельдеу объектінің алғашқы сапалы моделін, содан кейін сандық моделін салуды ұсынады. Бұл әрекетті орындау үшін, сандық эксперименттер жүргізіледі, нәтижесі талданады және талдау негізінде олардың нақты моделін қабылдайды.

*Компьютерлік есептеу эксперименті.* Компьютерді қолдануға байланысты кеңінен қолданылатын сандық модельдеу сандық әдістерге (компьютерлік) айналды. Сандық әдістердің артықшылығы кез келген практикалық мәселелерді шешу қабілеті болып табылады. Компьютерге негізделген алгоритм бойынша мәселені шешу үшін, бағдарлама қабылдануы тиіс. Қазіргі заманғы компьютерлер деректерді, кіріс нұсқалардың түрлі есептеулер орындауға мүмкіндік береді. Компьютерлік есептеу эксперименті деп аталатын, түрлі тапсырмалар мен олардың нәтижелерін талдау үшін сандық есептеулер болып табылады.

Компьютерлік модельдеу әдістерін пайдаланатын ғылым салаларының бірі – әртүрлі денелердің немесе элементар бөлшектердің қозғалысын зерттеу болып есептеледі. Мұндай есептер физика, механика және басқа ғылым салаларында жиі кездеседі. Осындай есептердің бірі – кез келген дененің біркелкі күш өрісіндегі кедергісіз қозғалысын зерттеу. Мұндай есептерді шешу классикалық механика мен физика есептерін шешуде белгілі бір *өзекті проблема* болып есептеледі. Бұл ұсынылып отырған дипломдық жұмыста осы өзекті мәселеге байланысты есепті шешу үшін компьютерлік модельдеу әдістерін пайдаланудың мүмкіндігін көрсетуге арналған.

**Жұмыстың мақсаты.** Жұмыста қарастырылатын есепті шешудің негізгі мақсаты - біркелкі күш өрісінде дененің кедергісіз қозғалысының математикалық моделінің негізінде оны компьютерде сандық эксперимент

жасау үшін әртүрлі есептеу алгоритмдерін пайдалану арқылы компьютерлік моделін құрастыру.

**Тақырыптың өзектілігі.** Қазіргі кезде практикалық есептерді шешу үшін компьютерлік модельдеу әдістерін пайдалану өзекті мәселе болып есептеледі. Оның негізгі себептері мыналар:

- біріншіден, күрделі есептерді шешуге арналған аналитикалық әдістердің көпшілігі аса күрделі математикалық формулалар түріндегі шешімдерге келтіреді; оларды талдау қиындықтарға келтіреді;

- екіншіден, кейбір есептерді шешудің аналитикалық әдістері болмағандықтан сандық әдістерді пайдалану қажет болады; ондай жағдайда жылдам әрі үлкен көлемді ақпараттарды өңдеуге арналған компьютерлерді пайдалану қажет болады;

- үшіншіден, компьютерлік модель сандық эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді; қазіргі кезде зертханалық және натурлық эксперименттер жасау көп шығынды қажет етеді, кей жағдайларда ондай эксперименттер жасаудың мүмкіндігі болмайды;

- төртіншіден, зертханалық және натуралдық экспериментермен қатар, сандық эксперименттер де қажет болатын жағдайлар болады.

Сондықтан, жұмыста қарастырылатын есепті шешуге компьютерлік модельдеуді пайдалану *өзекті мәселе* болып табылады.

**Жұмыстың жалпы сипаты.** Дипломдық жұмыстың тақырыбы дененің қозғалысын теориялық зерттеуге арналған; қарастырылатын есептің математикалық моделі негізінде компьютерлік моделі құрастырылған. Компьютерлік модельге негізделген алгоритм мен программа сандық эксперимент үшін пайдаланылған.

**Зерттеу әдістері.** Жұмыста қарастырылған есепті зерттеу үшін математикалық және компьютерлік модельдеу әдістері пайдаланылып, шешімдерді зерттеу үшін сандық эксперимент әдісі қолданылған.

**Теориялық және практикалық маңызы.** Жұмыста шешілген есептің теориялық және практикалық маңызы дененің қозғалысы туралы есептерді компьютерлік модельдеумен байланысты. Мұнда компьютерлік модельдеудің ерекшеліктері мен артықшылықтары іс жүзінде қарапайым мысал арқылы көрсетілген.

**Жұмыстың құрамы мен көлемі.** Дипломдық жұмыс кіріспеден, 5 бөлімнен, 65 беттен тұрады; құрамында 20 сурет және 13 кесте бар. Пайдаланылған әдебиет саны 14.

Дипломдық жұмыстың *бірінші бөлімінде* тақырыпқа байланысты негізгі түсініктер мен анықтамалар берілген. Біркелкі күш өрісі туралы, ондағы дененің қозғалысын сипаттайтын физикалық заңдылықтар келтірілген. Осында қарастырылатын есептің математикалық моделін құрастыруға пайдаланылатын табиғаттың белгілі заңдары, оларды сипаттайтын математикалық формулалар берілген. Келтірілген фундаменталды физика заңдарының негізінде есептің математикалық моделі құрастырылған. Математикалық модель негізінде математикалық есеп

қойылған. Мұнда дифференциалдық теңдеулер системасы үшін Коши есебі қарастырылған.

*Екінші бөлім* қойылған есепті шешудің алгоритмдері мен программаларына арналған. Сонымен қатар, есепті шешуде компьютерлік модельдеудің қажеттілігі мен программалық жабдығы туралы мәлімет берілген.

*Үшінші бөлімде* есепті шешу процесіндегі сандық эксперимент қарастырылған. Эксперимент нәтижесі графиктер мен кестелер түрінде берілген. Осы бөлімде эксперимент нәтижелері талданған. Жұмыстың қорытындысы алынған нәтижелердің талдауынан жасалынды.

## **1 БІРКЕЛКІ КҮШ ӨРІСІНДЕГІ ДЕНЕНІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ**

Кейбір практикалық есептерді қарастырғанда көбінесе олардың қарапайым модельдері қолданылатын. Оның негізгі себебі - күрделі модель

аса күрделі математикалық есепке келтіретін болғандықтан оны шешу қиындықтарға келтіретін. Қарапайым модель есептің шешіміне әсер етуші көпшілік факторларды ескермеуді, тек кейбіреулерін ғана ескеруді қажет ететін. Мұндай жағдай шешімнің маңызын төмендетеді. Ал әсер етуші факторлардың көпшілігін ескеріп құрастырған модель күрделі математикалық есепке келтіретіні белгілі. Күрделі есептердің көпшілігі аналитикалық әдістермен шешілмейді. Сондықтан сандық әдістерді қолдануға адам мәжбүр болады.

Осыған байланысты есептеу техникасының пайда болуы және оның мүмкіншіліктерінің қарқынды дамуы математикалық және компьютерлік модельдеу әдістерінің дамуына, олардың зерттеу жұмыстарында кеңінен пайдалануына келтірді. Кейінгі кездері кейбір аналитикалық шешімдері анықталатын есептердің өздерін шешу үшін де сандық әдістер қолданылатын. Оның себебі – жылдамдығы аса зор компьютерлер есептің өте көп нұсқаларын жылдам әрі үлкен дәлдікпен шешу мүмкіншілігі есептің шешімдерін талдау үшін есептеу техникасын пайдалану мүмкіншілігіне ие болуы.

Дипломдық жұмыстың осы бөлімінде табиғатта және зерттеу жұмыстарында жиі кездесетін есептердің бірі – дененің біркелкі күш өрісіндегі қозғалысы туралы есеп қарастырылады. Бұл есептің де кейбір жеке жағдайларының аналитикалық шешімдерін табуға болады. Бірақ оларды сипаттайтын математикалық формулалар күрделі болғандықтан, есептің шешімдерін талдау жасау үшін компьютерлік модельдеу әдістерін қолданып, сандық эксперимент жүргізген тиімді болады.

## **1.1 Біркелкі күш өрісінде дененің қозғалысы туралы есептің қойылуы**

Табиғи құбылыстарды зерттеулерде жиі кездесетін физика есептерінің бірі – белгілі бір күш өрісінде дененің қозғалысын зерттеу. Мұндай есептер ұшақтардың, ғарыш аппараттарының, элементар бөлшектердің және тағы басқа денелердің қозғалысын зерттеу кездерінде кездесетіні белгілі [ 1 ].

Алдымен осында пайдаланылатын кейбір түсініктерге анықтама берілсін делік.

Кез келген дене белгілі бір факторлардың әсерінде болады; ол факторлардың әсері осы денелердің жағдайын анықтайды. Соның бірі - дененің қозғалысы. Табиғаттың заңдары кез келген қозғалыстың белгілі бір күштердің әсерімен болатынын көрсететіні белгілі немесе дене белгілі бір күш өрісінде қозғалыста болады.

*Күш өрісі* дегеніміз белгілі бір табиғи күштердің басқа денелерге әсері болатын кеңістік. Егер денеге әсер етуші күш уақыт пен кеңістіктің координаталарынан тәуелсіз болса, онда ол *біркелкі күш өрісі* деп аталынады. Мұндай жағдайда біркелкі күш өрісінің кернеу векторы тұрақты болады.

Осыған байланысты, біркелкі күш өрісінің әсер ету кеңістігіндегі денеге әсер ететін күш те тұрақты болады.

Осындай есептерге келтірілетін екі мысал қарастырылсын. Бірінші мысал - біркелкі электр өрісіндегі қарапайым бөлшектердің қозғалысына қатысты. Бұл есеп қарастырылатын болса, онда оған әсер етуші күш келесі формула арқылы анықталады:

$$\vec{F} = q \cdot \vec{E},$$

ал екінші мысал - Жердің біркелкі тарту (гравитациялық) күштерінің өрісі үшін келесі формула қолданылады:

$$\vec{F} = m \cdot \vec{g}.$$

Осы жоғарыда келтірілген формулалардағы параметрлердің физикалық мәндері физика пәнінен белгілі:

$\vec{F}$  – әсер етуші күштің векторы;

$q$  – элементар бөліктің зарядының мөлшері;

$\vec{E}$  – электр өрісінің кернеуі;

$m$  – дененің массасы;

$\vec{g}$  – ауырлық күшінің векторы немесе тарту күшінің үдеуі.

Осы келтірілген екі мысалдағы күштерді сипаттайтын формулалардың ұқсастығын пайдаланып, бірін ғана қарастыруға болады. Бұл жерде массасы берілген дененің біркелкі күш өрісіндегі қозғалысын әр түрлі жағдайлар үшін зерттеу керек.

Сонымен, *физикалық есеп* келесі түрде қойылады: *берілген біркелкі күш өрісіндегі массасы берілген дененің қозғалысын әртүрлі жағдайлар үшін зерттеу керек.*

Зерттеу жұмысы үшін математикалық әдістерге негізделген компьютерді қолдануға мүмкіншілік беретін компьютерлік модельдеу әдістері қолданылады. Компьютерлік модельдеуден бұрын қарастырылатын есептің математикалық моделі құрастырылуы тиіс. Есептің *математикалық моделі* дегеніміз оны сипаттайтын негізгі параметрлерді байланыстыратын математикалық формулалардың жиыны [ 2 ]. Есептің сипатына байланысты математикалық модельді құрайтын формулалар әртүрлі болуы мүмкін. Оның құрамында алгебралық және дифференциалдық теңдеулер немесе олардың системалары, интегралдар мен интегралдық теңдеулер, әртүрлі шарттар мен формулалар және тағы басқалар.

Жоғарыда айтылғандай, модельді құрайтын формулалар жиыны ескерілетін денеге әсер етуші факторларға да байланысты. Құрастырылған математикалық модель математикалық есеп қоюға мүмкіншілік береді.

Математикалық модель табиғаттың белгілі фундаментальды заңдарының негізінде құрастырылады. Сондықтан осында қолданылатын кейбір физиканың (табиғаттың) заңдары қарастырылсын.

## 1.2 Тақырыпқа қатысты табиғаттың фундаменталь заңдары

*Ньютонаң бірінші заңы* (инерция заңы). Кез-келген денеге, оған сырттан басқа күш әсер етпесе, өзінің тыныштық күйін немесе бірқалыпты және түзу сызықты қозғалыс күйін жалғастырып тұрады.

*Ньютонаң екінші заңы*. Денде туындайтын үдеу оған әрекет етуші күшке тура пропорционал, ал оның массасына кері пропорционал.

Ньютонаң анықтауы бойынша, қозғалыс шамасы массасы мен жылдамдыққа тепе-тең. Сонда аналитикалық өрнек ретінде Ньютонаң екінші заңы [2]:

$$\frac{d(mv)}{dt} = F \quad (1.1)$$

Бұл формулада:  $m$  – масса,  $v$  – жылдамдық,  $F$  – күш,  $t$  – уақыт. Бұл динамиканың негізгі заңы болып саналады.

*Ньютонаң үшінші заңы*. Әрбір әрекет етуші күшке оған кері бағытталған қарсы әсер болады, басқаша айтқанда, екі дене бір-біріне шама жағынан тең, бағыты жағынан қарама-қарсы күштермен әсер етеді.

Кинематика, статика және динамика деп механиканы бөлуге болатыны белгілі [2]. Бұл бөлімде қаралатын тапсырмалар динамикаға жатады. Динамикада денеге әсер етуші күш, осы дененің қозғалысын анықтайды және керісінше, қозғалысқа күш әрекет ететін есептер шешіледі.

Бірінші осы есептерде әсер ететін күш, бастапқы жылдамдығы мен бастапқы кезі белгілі болса, онда дененің қозғалыс заңын анықтауға мүмкіндік береді. Екінші есепте қолданыстағы дене күшін, оның қозғалыс заңы белгілі болғанда анықтайды.

Қозғалыстағы денені қарастырған кезде, оның қозғалысының барлық нүктелеріндегі жағдайлары да анықталады. Тапсырмаларға байланысты денені, кейбір нүктелерінің жиынтығы немесе кейбір материалдық нүкте деп қарастыруға болады. Бір сөзбен айтқанда, модельденген қозғалыстағы денені, қозғалыс ретінде материалдық нүкте немесе қозғалыс жүйесіндегі материалдық нүкте ретінде қарастырылады. Механикада материалдық нүкте - массасы берілген нүкте деп аталынады.

Сондықтан, мысал ретінде осы бөлімде қарастырылатын кейбір есептерде, ғарыш аппараты (объект) материалдық нүкте ретінде қарастырылады. Осыған байланысты бұл жерде түрлі тапсырмаларды орындауға арналған математикалық модельдерді құрастыру үшін алдымен осы жерде қажет болатын теоремалардың қарастырылғаны жөн.

*Қозғалыс нүктесінің өзгеруі туралы теорема*. Қозғалыстағы материалдық нүктенің өзгеруі, оның қозғалыс санының өзгеруімен сипаттауға болады; сонда келесі тұжырым орындалуы тиіс: қозғалыс санының белгілі бір берілген уақыт аралығында өзгеру мөлшері оған сырттан әсер ететін күштің импульсына тең [2]. Бұл тұжырым келесі түрде жазылады:

$$mv - mv_0 = S, \quad S = \int_{t_0}^t F dt. \quad (1.2)$$

Мұндағы  $[t_0, t]$  уақыт аралығындағы  $S$  күштер импульсі;  $mv$  – қозғалыс саны деп аталады. Бұл (1.2) формуласы векторлық түрде жазылған. Егер ол теңдеу тік бұрышты координаттар жүйесінің остеріне проекцияланған болса, онда келесі үш скалярлық теңдеулер түрінде жазылады:


$$m \frac{dx}{dt} = S_x, \quad m \frac{dy}{dt} = S_y, \quad m \frac{dz}{dt} = S_z. \quad (1.3)$$

Мұндағы  $S_x, S_y, S_z$  – күштер импульсының қарастырылған координата остеріне  $(x, y, z)$  түсірілген проекциялары.

*Қозғалыс моменттері туралы теорема.* Көпшілік жағдайларда дененің күш өрісіндегі қозғалысы бір орталықтан әсер ететін күшке байланысты болады. Мысалы, Күн системасында планеталардың қозғалысы. Егер дененің қозғалысы бір орталыққа байланысты әрекет ететін күшке қатысты болса, онда олардың сол орталық нүктеге қатысты қозғалыс моменті уақыт бойынша өзгеруі әсер етуші күштердің сол нүктеге қатысты моментіне тең болады. Бұл теорема бойынша келесі векторлық формадағы теңдеу жазылады:

$$\frac{d}{dt}(r \times mv) = r \times F. \quad (1.4)$$

Бұл жердегі  $r \times mv$  қозғалыс санының берілген  $O$  центріне қатысты моменті,  $r \times F$  – сыртқа әсер етуші  $F$  - күшінің осы орталық нүктеге қатысты моменті. Мұнда  $r$  - векторлық радиусы (1.1 – сурет). Кей кезде бұл теореманы материалдық нүкте қозғалыс санының моментінің өзгеруі деп те атайды.



1.1 сурет – Координаттар жүйесі және  $M$  материалдық нүктеге әсер ететін күштер

*Материалдық нүктенің кинетикалық энергиясының өзгеруі туралы теорема.* Материалдық нүктенің кинетикалық энергиясының өзгеруі (дифференциалы) күштің нүктеге әсерінен болатын жұмысқа тең. Векторлық формада ол келесі түрде жазылады:

$$d\left(\frac{mv^2}{2}\right) = F \cdot dr. \quad (1.5)$$

Бұл формулада  $\frac{mv^2}{2}$  - материалдық нүктенің кинетикалық энергиясы, ал  $F \cdot dr$  -  $F$  күшінің  $dr$  қарапайым қозғалыс үшін орындалатын жұмысы.

*Потенциалдық күш өрісі.* Алдағы есептеу жұмыстарына қажет күш туралы анықтамалар қарастырылсын.



1 - Анықтама. Кеңістіктегі облыста әрбір нүктесінде әрекет ететін нақты күш болып табылатын, бір мәнді, шектеулі және дифференциалдық функциясы осы нүктедегі координаталар *күштік өріс* деп аталады.

2 – Анықтама.  $\phi(x, y, z)$  - функциясы потенциал функция деп аталады, егер оның дифференциалы қарапайым жұмысқа тең болса:

$$d\phi(x, y, z) = \frac{\partial\phi}{\partial x} dx + \frac{\partial\phi}{\partial y} dy + \frac{\partial\phi}{\partial z} dz. \quad (1.6)$$

3 – Анықтама. Күштік өріс *потенциалды* деп аталады, егер оған әсер ететін күштер осы функция  $\phi(x, y, z)$  арқылы келесі түрде анықталатын болса:

$$F_x = \frac{\partial\phi}{\partial x}, \quad F_y = \frac{\partial\phi}{\partial y}, \quad F_z = \frac{\partial\phi}{\partial z}. \quad (1.7)$$

Мұндағы,  $F_x, F_y, F_z$  - координаталық остерге  $F$  - тің проекциялары.

Сонымен, материалдық нүкте қозғалысын сипаттайтын негізгі фундаменталды заңдар мен теоремалар қарастырылды. Олар математикалық тәуелділіктердің негізінде математикалық модель жасау үшін қажет. Осыдан кейін қарастырылатын объектінің (дененің) қозғалысына байланысты түрлі есептер мен олардың математикалық моделдері қарастырылатын болады.

### 1.3 Математикалық модель мен математикалық есептің қойылуы

Есептің математикалық моделін құрастырудан бұрын онда қолданылатын параметрлерді белгілеу қажет немесе идентификациялау процесі орындалады. Дененің (кішігірім бөлшектің) параметрлері келесі түрде белгіленсін:

- $m$  – дененің массасы;
- $x$  – абцисса осі;
- $y$  – ордината осі;
- $t$  – уақыт;
- $F$  – сырттан әсер етуші күш.

Жоғарыда келтірілген теоремалар мен заңдарға (1.1) – (1.7) негізделіп, келесі дифференциалдық теңдеулерді жазуға болады. Мұнда, біртекті өрісте болатын дене қозғалысын модельдеу келесі формулалардың системасына келтіріледі [ 3 ]:

$$\frac{d^2x}{dt^2} = -k_1 \cdot \frac{dx}{dt} - k_2 \cdot \frac{dx}{dt} \cdot \sqrt{\left(\frac{dx}{dt}\right)^2 + \left(\frac{dy}{dt}\right)^2}, \quad (1.8)$$

$$\frac{d^2y}{dt^2} = -k_1 \cdot \frac{dy}{dt} - k_2 \cdot \frac{dy}{dt} \cdot \sqrt{\left(\frac{dx}{dt}\right)^2 + \left(\frac{dy}{dt}\right)^2} + \frac{F}{m}.$$

Мұндағы:  $t$  – уақыт, ал  $x$  - абсцисса және  $y$  - ордината координаттары;  $k_1$  және  $k_2$  – дененің қозғалысы болатын облыстағы кездесетін кедергіні сипаттайтын коэффициенттері;  $F$  – күш өрісін сипаттайтын сыртқы күш.

Ескеретін жай, бұл формулаларда кедергі күші жылдамдыққа пропорционал тәуелділікте болады деп саналған; жылдамдық өскен сайын кедергі күші де артады, ал жылдамдық төмендегенде – кедергі де азаяды. Сондықтан (1.8) теңдеулер системасының оң жақтарында жылдамдықтың бірінші дәрежесі қарастырылған. Ал квадрат түбірі астында берілген көбейткіш жылдамдық векторының координата остері арасындағы бұрышты сипаттайды. Себебі (1.8) системасының әрбір теңдеуі қозғалысты сипаттайтын векторлық теңдеудің координата остеріне проекциялары болып есептеледі. Мұнда дене қозғалысы жазықтықта қарастырылған, сондықтан екі теңдеуден тұратын система алынған. Егер қозғалыс үш өлшемді кеңістікте қарастырылатын болса, онда үш теңдеулер системасы қарастырылатын болады.

Бұл дифференциалдық теңдеулер системасы (1.8) екінші дәрежелі; оларды жаңа белгілеулер арқылы бірінші дәрежелі дифференциалдық теңдеулер системасына келтіруге болады:

$$\left\{ \begin{array}{l} \frac{dx}{dt} = u, \\ \frac{dy}{dt} = v, \\ \frac{du}{dt} = -k_1 \cdot u - k_2 \cdot u \cdot \sqrt{u^2 + v^2}, \\ \frac{dv}{dt} = -k_1 \cdot v - k_2 \cdot v \cdot \sqrt{u^2 + v^2} + \frac{F}{m} \end{array} \right. \quad (1.9)$$

Бұл жағдайда дененің жылдамдығының компоненттері белгіленіп, келесі түрдегі белгілеулер енгізілген:  $u = \frac{dx}{dt}$ ,  $v = \frac{dy}{dt}$ .

Егер Жер бетіне жақын кеңістікте біркелкі гравитациялық өрістегі дене қозғалысы қарастырылатын болса, оны анықтау үшін әсер етуші күш келесі түрде қарастырылады:

$$\vec{F} = \{0; -m \cdot \vec{g}\}. \quad (1.10)$$

Егер осы (1.10) формуласы (1.9) формуласындағы төртінші формулаға қойылатын болса, онда қозғалысты модельдеуге мынадай төрт белгісіздері бар төрт дифференциалдық теңдеулердің системасын шешу қажет болады:

$$\left\{ \begin{array}{l} \frac{dx}{dt} = u, \\ \frac{dy}{dt} = v, \\ \frac{du}{dt} = -k_1 \cdot u - k_2 \cdot u \cdot \sqrt{u^2 + v^2}, \\ \frac{dv}{dt} = -k_1 \cdot v - k_2 \cdot v \cdot \sqrt{u^2 + v^2} - g \end{array} \right. \quad (1.11)$$

Осы теңдеулерден дененің қозғалысының сипаттамалары, яғни дененің уақыт бойынша орналасқан орынының координаттары мен қозғалысының

жылдамдығы анықталады. Одан басқа, дененің механикалық энергиясының шамасы да анықталуы тиіс:

$$E = \frac{1}{2} \cdot (u^2 + v^2) + g \cdot y. \quad (1.12)$$

Егер дененің қозғалысына кедергілер болса, онда оның кинетикалық энергиясының мәні төмендеуі тиіс. Егер қозғалысқа кедергілер болмаса, онда кинетикалық энергия өзгермеуі тиіс. Сондықтан дененің қозғалысын сипаттайтын теңдеулердегі механикалық энергияның уақыт бойынша туындысы теріс шама болып табылады, ал кедергі болмаған кезде нөлге теңеледі:

$$\frac{dE}{dt} = -(u^2 + v^2) \cdot (k_1 + k_2 \cdot \sqrt{u^2 + v^2}).$$

Бұл жерде, осы сипаттаудан, физикалық тұрғыдан алғанда, кедергі күштердің болмауынан механикалық энергияның сақталатыны анық. Сандық шешімде механикалық энергияның сақталу мәселесін зерттеп, қойылатын сұрақтың жауабын алу қажет.

Сонымен, қарастырылатын дененің қозғалысын сипаттайтын дифференциалдық теңдеулер системасын келесі жалпы түрде жазуға болады:

$$\begin{aligned} \frac{dx}{dt} &= u(t), \\ \frac{dy}{dt} &= v(t), \\ \frac{du}{dt} &= A(x, y, u, v, t), \\ \frac{dv}{dt} &= B(x, y, u, v, t). \end{aligned} \quad (1.13)$$

Бұл формулалардағы әрбір теңдеудің белгілі бір физикалық мәні бар. Мысалы, бірінші екі теңдеу жылдамдықты анықтаса, ал үшінші және төртінші теңдеулер дененің қозғалысының үдеуін сипаттайды. Мысалы,  $A(x, y, u, v, t)$  мен  $B(x, y, u, v, t)$  функциялары дененің қозғалысының үдеуінің өзгеруін сипаттайтын функциялар.

Бұл дифференциалдық теңдеулер системасын (1.13) шешу үшін алғашқы шарттар немесе уақыттың алғашқы сәтіндегі параметрлердің мәндері берілуі тиіс; олар келесі түрде берілсін:

$$t = 0; \quad x(0) = x_0; \quad y(0) = y_0; \quad u(0) = u_0; \quad v(0) = v_0. \quad (1.14)$$

Мұндағы  $(x_0, y_0)$  – дененің алғашқы орналасу нүктесінің координатасы болса, ал  $(u_0, v_0)$  – алғашқы уақыт сәтіндегі дененің алғашқы жылдамдығы. Есептің тәуелсіз айнымалы шамасы ретінде уақыт  $t$  қарастырылады. Оның мәндері белгілі бір аралықта болуы тиіс, мысалы,  $0 \leq t \leq T$ . Мұндағы  $T$  – дененің қозғалысын қарастыратын берілген уақыт мөлшері.

Осымен, (1.13) дифференциалдық теңдеулер системасы және (1.14) алғашқы шарттарды сипаттайтын формулалар жиыны қойылған есептің *математикалық моделін* құрайды. Осы модельдің негізінде математикалық есеп қойылады.

Сонымен, математикалық модельдеу нәтижесінде келесі Коши есебі алынады: *алғашқы шарттарды (1.14) қанағаттандыратын дифференциалдық теңдеулер системасын (1.13) шешу керек.*

Бұл типтегі есеп дифференциалдық теңдеулер пәнінде жеткілікті зерттелінген; ол туралы теориялық материалдар толық түрде келтірілген. Себебі мұндай математикалық есеп көптеген салаларда жиі қойылады. Осы қойылған математикалық есептің теориялық зерттеулері, оның ішінде есептің шешімінің болу шарттары, ол шешімнің жалғыз болуы дәлелденген [4,5].

Егер бірінші дәрежелі дифференциалдық теңдеулер системасы үшін Коши есебі берілсе, онда мұндай есептерді шешудің сандық әдістері де жеткілікті [6]. Бұл есепті шешудің аналитикалық әдіспен шешілетін жағдайлары тек қарапайым, сызықтық теңдеулер үшін ғана қолданылады. Кейде ондай аналитикалық шешімдердің өздері де күрделі болуы мүмкін; оларды талдау жасауда кейбір қиындықтар кездесуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандай, қазіргі кезде, жоғары өнімділікті компьютерлердің болуы, мұндай есептерді шешу үшін сандық әдісті пайдалану тиімді болғандықтан тиісті сандық әдіс таңдалынады. Сандық әдіс негізінде есепті шешудің алгоритмі мен компьютерлік программасы құрастырылуы тиіс. Компьютерлік программа арқылы сандық эксперимент жасалынып, шешімдерді талдау жасауға болады. .

Ол мәселе, есептің компьютерлік моделін құрастыру, келесі бөлімнің мазмұны болады.

## **2 БІРКЕЛКІ КҮШ ӨРІСІНДЕГІ ДЕНЕНІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛІ**

Алдыңғы бөлімде қойылған математикалық есеп (1.13) – (1.14) жалпы түрде жазықтықта немесе екі өлшемді кеңістікте қарастырылған. Оны үш өлшемді кеңістікте де қарастыруға болады. Оның ешбір ерекшелігі жоқ, себебі оны шешуде қарастырылып отырған есептен айырмашылығы болмайды; тек үшінші айнымалы шама қосылады.

Осы теңдеулер системасының (1.13) үшінші және төртінші теңдеулерінің оң жақтарындағы функциялар сызықтық болмағандықтан, олардың аналитикалық шешімдерін табу белгілі қиындықтарға келтіреді. Сондықтан сандық әдістерді пайдаланып, есептің компьютерлік моделін құрастырған жөн. Ол үшін компьютерлік модельдің негізін құраушы «модель

– алгоритм - программа» атты үштік (триада) құрастырылуы тиіс [1]. Бұл триаданың біріншісі – модель құрастырылды. Енді есепті шешудің әдісі таңдалынып, алгоритмі мен программасы құрастырылуы тиіс.

Сандық әдісті дұрыс таңдау компьютерлік техниканың ресурстарын тиімді пайдалану үшін қажет. Сондықтан қарастырылып отырған есепті шешу үшін қолдануға болатын әдістерді талдау қажет. Ол үшін олар туралы мәліметтер қарастырылып, олардың алгоритмдеріне және олардың негізінде құрастырылған компьютерлік программалардың тиімділігін зерттеу қажет. Тиімділікті анықтаудың көрсеткіші (критерийі) ретінде дененің қозғалысының кинетикалық энергиясының мәні алынады.

## 2.1 Есепті шешудің сандық әдістері туралы мәліметтер

Жұмыстың алдыңғы бөлімінде қойылған бірінші дәрежелі дифференциалдық теңдеулердің системасы үшін Коши есебін (1.13) – (1.14) шешуге арналған сандық әдістердің негізгі идеясы - ондағы дифференциалдық теңдеулерді дискреттеу арқылы алгебралық теңдеулер системасына келтіру. Дифференциалдық теңдеулерді дискреттеу үшін ондағы функциялардың туындыларын шектелген айырмалармен алмастыру керек [6].

Ол үшін математика пәнінен белгілі туындының анықтамасы қолданылады. Алдымен, уақыт  $t$  бойынша кішігірім бөлу қадамы таңдалынады  $\Delta t = h$ . Уақыт бойынша қарастырылатын аралық  $0 \leq t \leq T$  осы қадам бойынша  $n$  элементар бөлікке бөлінеді. Сонда осы уақыт аралығын бөлетін нүктелер (уақыт сәттері) келесі түрде белгіленеді:

$$t_i = t_0 + i \cdot \Delta t, \quad i = 0, 1, 2, \dots, n.$$

Бұл нүктелерді *түйін нүктелері* деп атауға болады; ізделініп отырған шамалардың (параметрлердің) осы нүктелердегі (уақыт сәттеріндегі) дискретті мәндері табылуы тиіс. Басқаша айтқанда, есептің шешімі үзіліссіз функциялар емес, сандық әдіспен шешілгенде есептің дискретті мәндерінен тұратын кестелер алынады. Осы түйін нүктелеріндегі ізделініп отырған параметрлердің мәндерін келесі түрде белгілеуге болады:

$$\begin{aligned} x_i &= x(t_i), & y_i &= y(t_i), & u_i &= u(t_i), & v_i &= v(t_i), \\ a_i &= A(x_i, y_i, u_i, v_i, t_i), & b_i &= B(x_i, y_i, u_i, v_i, t_i). \end{aligned} \quad (2.1)$$

Енді (1.13) дифференциалдық теңдеулеріндегі функциялардың бірінші туындылары келесі формулалар арқылы шектелген айырмалармен алмастырылады:

$$\frac{dx}{dt} = \frac{x_{i+1} - x_i}{h}; \quad \frac{dy}{dt} = \frac{y_{i+1} - y_i}{h}; \quad \frac{du}{dt} = \frac{u_{i+1} - u_i}{h}; \quad \frac{dv}{dt} = \frac{v_{i+1} - v_i}{h}. \quad (2.2)$$

Бұл формулалар туындыларды шектелген айырмалармен алмастыруды сипаттайды; олардың бірнеше түрлері болуы мүмкін. Әрине бұл формулалар (2.2) туындыларды жуық шамалармен алмастырады. Сондықтан сандық әдістерді пайдалану жуық шешімдерге келтіреді. Әдістердің дәлдігін арттыру

мақсатымен әртүрлі әдістер қолданылады. Осындай әдістерге қысқаша шолу жасалынсын. Бұл жағдайда әдістердің келесі төрт түрі қарастырылсын.

*Эйлер әдісі.* Бұл әдістің формулалары келесі түрде жазылады:

$$\begin{aligned}x_{i+1} &= x_i + u_i \cdot \Delta t, \\y_{i+1} &= y_i + v_i \cdot \Delta t, \\u_{i+1} &= u_i + a_i \cdot \Delta t, \\v_{i+1} &= v_i + b_i \cdot \Delta t.\end{aligned}\tag{2.3}$$

*Кроммер әдісі.* Кроммер әдісінің формулалары:

$$\begin{aligned}u_{i+1} &= u_i + a_i \cdot \Delta t, \\v_{i+1} &= v_i + b_i \cdot \Delta t, \\x_{i+1} &= x_i + u_{i+1} \cdot \Delta t, \\y_{i+1} &= y_i + v_{i+1} \cdot \Delta t.\end{aligned}\tag{2.4}$$

*Орталық нүкте әдісінің формуласы:*

$$\begin{aligned}u_{i+1} &= u_i + a_i \cdot \Delta t, \\v_{i+1} &= v_i + b_i \cdot \Delta t, \\x_{i+1} &= x_i + \frac{1}{2} \cdot (u_{i+1} + u_i) \cdot \Delta t, \\y_{i+1} &= y_i + \frac{1}{2} \cdot (v_{i+1} + v_i) \cdot \Delta t.\end{aligned}\tag{2.5}$$

Осы келтірілген формулалар (2.3) - (2.5) бірінші ретті әдістер деп саналады. Егер бұл әдістер қолданылатын болса, онда әрбір есептеу қадамында жіберілетін қатенің деңгейі  $O(h^2)$  болады; мұндағы  $h = \Delta t$ . Мұндай жағдайда қадам  $h$  өте кішігірім болғанымен есептеу барысында кішігірім қате өте үлкен шамаға жетуі мүмкін, себебі қайталау саны  $n$  өте үлкен болғандықтан кішігірім қатенің өзі үлкен дәрежеге жететіні белгілі. Осыған байланысты дәлдігі жоғары басқа әдістер қарастырылады.

Сондай әдістердің бірі – пайдаланушылар арасында кең тараған Рунге-Кутта әдісі. Бұл әдістің әртүрлі ретке бөлінген түрлері қолданылады. Соның бірі - екінші ретті әдісі; оның формулалары келесі түрде жазылады:

$$\begin{aligned}u_{i+1} &= u_i + \varphi_u, \\v_{i+1} &= v_i + \varphi_v, \\x_{i+1} &= x_i + \varphi_x, \\y_{i+1} &= y_i + \varphi_y.\end{aligned}\tag{2.6}$$

Осы формулаларда мынадай белгілеулер енгізілген:

$$\begin{aligned}\varphi_x &= (u_i + \frac{1}{2} \cdot a_i \cdot \Delta t) \cdot \Delta t, \\ \varphi_y &= (v_i + \frac{1}{2} \cdot b_i \cdot \Delta t) \cdot \Delta t, \\ \varphi_u &= A(x_i + \frac{1}{2} \cdot \psi_x, y_i + \frac{1}{2} \cdot \psi_y, u_i + \frac{1}{2} \cdot \psi_u, v_i + \frac{1}{2} \cdot \psi_v, t_i + \frac{1}{2} \cdot \Delta t) \cdot \Delta t, \\ \varphi_v &= B(x_i + \frac{1}{2} \cdot \psi_x, y_i + \frac{1}{2} \cdot \psi_y, u_i + \frac{1}{2} \cdot \psi_u, v_i + \frac{1}{2} \cdot \psi_v, t_i + \frac{1}{2} \cdot \Delta t) \cdot \Delta t.\end{aligned}\tag{2.7}$$

Мұндағы белгілеулер:

$$\psi_x = u_i \cdot \Delta t, \quad \psi_y = v_i \cdot \Delta t, \quad \psi_u = a_i \cdot \Delta t, \quad \psi_v = b_i \cdot \Delta t. \quad (2.8)$$

Осы әдістердің алгоритмдерін салыстырғанда белгілі бір критерийлерге (өлшемдерге) сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Сондай критерийлердің бірі - олардың заңдардың сақталуын қамтамасыз ететін қабілеті болуы тиіс; олар былайша орындалуы міндетті. Формула бойынша энергияны есептеудің бір қадамында өзгеруі келесі түрде анықталады:

$$\Delta E = \frac{1}{2} \cdot (u_{i+1}^2 - u_i^2) + \frac{1}{2} \cdot (v_{i+1}^2 - v_i^2) + g(y_{i+1} - y_i). \quad (2.9)$$

Энергия өзгерісін тексеру үшін мынадай шарт орындалуы керек: бір қалыпты өріс кезінде, дененің қозғалысына кедергі күш болмаған кезде  $a_i = 0$ ;  $b_i = -g$ , энергияның сақталу заңы орындалуы тиіс. Энергияның сақталу заңы орындалғанда,  $\Delta E = 0$  шарты орындалады. Әрбір сандық әдісті пайдаланғанда есептің жуық шешімі анықталады. Энергияның өзгеруін сипаттайтын формула (2.9) бойынша энергияның сақталу заңы тексеріледі. Әрбір әдістен алынған шешім үшін осыдан алынатын шамалар салыстырылады. Егер ол шама кішігірім болса, онда соған сәйкес әдіс басқаларынан тиімдірек болады деп саналады.

## 2.2 Есепті шешудің алгоритмдері

*Эйлер әдісі бойынша есептің алгоритмі.* Бұл әдіс бойынша ізделініп отырған параметрлердің мәндері (2.3) формулаларының көмегімен анықталады. Келесі уақыт сәтіндегі параметрлердің мәндерін анықтау үшін алдыңғы уақыт сәтіндегі мәндері қолданылады. Осы әдіс бойынша есептеу процесінің алгоритмін келесі түрде сипаттауға болады:

1<sup>0</sup>. Параметрлердің алғашқы мәндерін  $t = 0$ ;  $x = x_0$ ;  $y = y_0$ ;  $u = u_0$ ;  $v = v_0$   $i = 0$ ; енгізу.

2<sup>0</sup>. Келесі уақыт сәтін  $t = t + h$ ;  $i = i + 1$  қарастыру. Циклдың басы.

3<sup>0</sup>. Жаңа уақыт сәтіндегі параметрлердің мәндерін (2.3) формулалары бойынша есептеу.

4<sup>0</sup>. Есептелінген параметрлердің мәндерін шығару.

5<sup>0</sup>. Келесі уақыт сәтіне өту: егер  $i \leq n - 1$  болса, онда 2<sup>0</sup> – ге өту.

6<sup>0</sup>. Циклдың соңы.

*Кромер әдісі бойынша есептің алгоритмі.* Кромер әдісінің Эйлер әдісінен айырмашылығы – алдымен ізделініп отырған жылдамдықты анықтайтын функциялардың мәндері алғашқы уақыт сәті үшін есептелінеді. Осыдан кейін координаталар есептеледі. Сонымен, алгоритмді келесі түрде сипаттауға болады:

1<sup>0</sup>. Параметрлердің алғашқы мәндерін  $t = 0$ ;  $x = x_0$ ;  $y = y_0$ ;  $u = u_0$ ;  $v = v_0$   $i = 0$ ; енгізу.

2<sup>0</sup>. Келесі уақыт сәтін  $t = t + h$ ;  $i = i + 1$  қарастыру. Циклдың басы.

3<sup>0</sup>. Жаңа уақыт сәтіндегі параметрлердің мәндерін (2.4) формулалары бойынша есептеу.

4<sup>0</sup>. Есептелінген параметрлердің мәндерін шығару.

5<sup>0</sup>. Келесі уақыт сәтіне өту: егер  $i \leq n-1$  болса, онда 2<sup>0</sup> – ге өту.

6<sup>0</sup>. Циклдың соңы.

*Орталық нүкте әдісінің алгоритмі.* Осы әдістің ерекшелігі әрбір келесі координаттарды есептеу үшін жылдамдықтың алдыңғы және кейінгі мәндерінің арифметикалық ортасы қарастырылады. Ал жылдамдықтарды анықтайтын формулалар алдыңғы әдістердегідей есептелінеді. Сонымен, алгоритмді келесі түрде сипаттауға болады:

1<sup>0</sup>. Параметрлердің алғашқы мәндерін  $t = 0; x = x_0; y = y_0; u = u_0; v = v_0$   $i = 0$ ; енгізу.

2<sup>0</sup>. Келесі уақыт сәтін  $t = t + h; i = i + 1$  қарастыру. Циклдың басы.

3<sup>0</sup>. Жаңа уақыт сәтіндегі параметрлердің мәндерін (2.5) формулалары бойынша есептеу.

4<sup>0</sup>. Есептелінген параметрлердің мәндерін шығару.

5<sup>0</sup>. Келесі уақыт сәтіне өту: егер  $i \leq n-1$  болса, онда 2<sup>0</sup> – ге өту.

6<sup>0</sup>. Циклдың соңы.

*Рунге-Кутта әдісінің алгоритмі.* Бұл әдістің алдыңғы әдістерден негізгі айырмашылығы әрбір қадамда қосымша есептеулер (2.7) және (2.8) формулаларымен орындалады. Осыдан кейін ғана (2.6) формулалармен ізделініп отырған функциялардың мәндері анықталады. Алгоритм келесі түрде жазылады:

1<sup>0</sup>. Параметрлердің алғашқы мәндерін  $t = 0; x = x_0; y = y_0; u = u_0; v = v_0$   $i = 0$ ; енгізу.

2<sup>0</sup>. Келесі уақыт сәтін  $t = t + h; i = i + 1$  қарастыру. Циклдың басы.

3<sup>0</sup>. Берілген (2.8) формулаларымен қосымша енгізілген параметрлер есептелінеді.

4<sup>0</sup>. Берілген (2.7) формулаларымен есептеулер орындалады.

5<sup>0</sup>. Осыдан кейін (2.6) формулаларымен ізделініп отырған параметрлердің мәндері анықталады.

6<sup>0</sup>. Есептелінген параметрлердің мәндерін шығару.

7<sup>0</sup>. Келесі уақыт сәтіне өту: егер  $i \leq n-1$  болса, онда 2<sup>0</sup> – ге өту.

7<sup>0</sup>. Циклдың соңы.

Осы келтірілген алгоритмдер бойынша программалық жабдық құрастырылған. Бұл алгоритмдердің сапасын тексеру үшін (2.9) формуласы бойынша анықталған шама қолданылады. Осы шаманың дененің қозғалысына кедергі болмаған жағдайдағы мәндері алгоритмдердің сапасын тексеру үшін критерий болып есептеледі.

### 2.3 Есептерді шешудің программалық жабдығы



Берілген есепті шешудің программалық жабдығын құрастыру үшін объектіге бағдарланған программаны пайдалану қажет. Себебі сандық эксперимент жасау үшін әртүрлі алғашқы деректерді енгізу үшін қолайлы. Мұндай программалық орталардың түрлері көптеп саналады.

Қазіргі кезде кең тараған, әрі сандық есептеулер үшін ыңғайлы программалық жабдықтың бірі – объектіге бағдарланған Delphi 7 бағдарламалау ортасы болып табылады. Delphi 7 тіліндегі қолданбалы программалар немесе қосымшалар IDE (Integrated Development Environment) - дамып отыратын құрылымдық ортада орындалады. IDE ортасы программаушының компьютермен қарым-қатынасын ұйымдастырып, әр түрлі басқару элементтерінен құралған бірнеше терезелерден тұрады. Осы ортаның құралдарын пайдалана отырып, қосымшаның интерфейстік бөлігін жобалауға, программаның кодын жазуға және оны басқару элементтерімен байланыстыруға болады. Аталған жұмыстар және программаны түзету, оны орындау әрекеттері IDE ортасында орындалады.


Delphi 7 ортасы – қолданбалы программалар (Қолданбалар) жасауда программалау жұмыстарын жоғары дәрежеде қамтамасыз ететін күрделі, жан-жақты мүмкіндігі зор көп терезелі жүйе. Бұл ортада қолданба құрудың барлық этаптары жүзеге асырылады. Ортаның сырт көрінісі (интерфейсі) оның бапталуына байланысты және бағдарламашы қалауы бойынша әртүрлі болуы мүмкін [7,8].

Delphi 7 ортасы өмір сүруі қалауымыз бойынша бастапқы кезеңді таңдап, алысқа баруымызға мүмкіндік берді. Демек Delphi 7 ортасы жоғарғы деңгейлі тіл термині программаларды өңдейді. Delphi 7 ортасы программалау тілі орташа бастауға тағайындалған. Delphi 7 сөзі осы қарастырылып отырған мағлұматта оның көптеген операцияларын орындайды.

Delphi 7 жүйесі бүгінгі күнде бағдарламаларды жасауға арналған кең қолданылатын жүйелердің бірі. Бұл жүйе бағдарламаларды жасаудың визуалды ортасы болып табылады. Оның құрамындағы саймандар мен компоненттердің көмегімен бағдарламалар жобалары құрастырылады. Сонымен қатар Delphi 7 жүйесі Windows амалдық жүйесі үшін және арнайы серверлер үшін бағдарламаларды жасай алады, оның объектілері терезе түрінде ашылады. Сондықтан Windows жүйесімен таныс болған қолданушы Delphi 7 программасында берілгендер қорымен жұмыс істеу қиындық тудырмайды. Дипломдық жұмыста Delphi 7 программалау тілін пайдалану себебім, қазіргі таңдағы күрделі және жұмыс істеу жағынан мүмкіндігі бар тілдердің бірі.


Программалау тілінде негізгі жұмыстарды істейді, яғни формаларды іске қосып, форма бетіндегі алма суреттерін шығаруға және есеп нәтижесін беріп отыру нәтижесін көрсетеді.

Осы программалық ортада жұмыс істеудің тәртібі бойынша алдымен осы программаны іске қосып, жаңа жоба құрылуы тиіс. Келесі 3.1 – суретте жаңа қосымша құрастырудың бейнесі келтірілген:




2.1 сурет – Жаңа қосымшаны құру

Қарастырылып отырған модель үшін бастапқы мәндерді енгізу қажет. Ол үшін Standard компоненттер палитрасында орналасқан Edit компонентін қолдануға болады. Бағдарлама интерфейсі неғұрлым ыңғайлы болу үшін Standard қойындысында орналасқан GroupBox компоненті қолданылған. GroupBox компоненті қосымшаның формасына орналастырылады (2.2 – сурет).



2.2 сурет – GroupBox компонентін формаға орналастыру

Жаңа қосылған объектіге жүйе grp1 деген ат береді, осыдан кейін осы ат бойынша программада пайдаланылады. Қасиеттер палитрасынан Caption қасиетін “Параметры модели” деп өзгертіледі (2.3 – сурет).




2.3 сурет – grp1 компонентінің Caption қасиетін өзгерту


Edit 8 компонентін grp1 компонентіне орналастырылады. Әрбір Edit объектісі үшін Caption қажетті мәнін орнатады.

Әрбір TEdit объектісінің жанына Standard компоненттер палитрасынан TLabel компонентін орнатады. Сонымен бірге, әрбір объект үшін қасиеттер инспекторынан Caption керекті мәні қойылады.


Әрбір RatioButton компоненттеріне Caption қасиеттер мәнін әрқайсысына орнатады. Ratio Button бірінші объектісіне Checked қасиетін орнатып, True (яғни есептеудің бірінші әдісі үнсіздік бойынша таңдалады) мәні қойылады.



2.4 сурет – Объектілерді қосу




2.5 сурет – Объектілерді қосу



2.6 сурет – Объектілерді қосу


Standard компоненттер палитрасының қойылымында орналасқан Button компоненті қосылады. Батырмаға Caption “Рассчитать” қасиеті орнатылады.



2.7 сурет – Объектілерді қосу


Additional компоненттер палитрасында орналасқан Chart компоненттері график құру үшін қолданылады. Chart компонентінің 3 объектісі қолданылады. Chart компонентінің үстіне екі рет шертенде осы объектіні өзгертетін терезе пайда болады. Мұндағы графикке сызық қосып, остерді, атауын, шрифты, сызықтың қалыңдығын және т.б. өзгерістер енгізуге болады.

